

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Қазақстан Республикасының көтерме фирма шығындары

**Орындаған: Бижанова З.Т.
Факультет: Фармация
Тобы: 13-002-01
Қабылдаған: Елшібекова Қ.М.**

Алматы, 2017

● Көтерме сауда дегеніміз- тауарларды үлкен көлемде өндірушілерден сатып алып, оларды делдалдарға, қайта өндірушілерге, бөлшектік саудагерлерге, корпоративтік клиенттерге қайта сату. Көтерме сауданың атқаратын мынадай қызметтері анықталады:

1. Өндірушілерге тауарларын қысқа және тиімді байланыс жолымен өткізуге көмектеседі.
2. Білікті сауда кәсібі мамандары арқылы жұмыс жүргізеді.
3. Өндірушіге және бөлшек сауда саласына маркетингтік және техникалық қолдау көрсетеді.
4. Тауарды дұрыс сақтау үшін материалдық негізін жасайды.
5. Өндірушіге және бөлшек саудаға қаржы көмегін береді.
6. Ақаулы өнімдерді төмен бағамен өткізеді.

Көтерме сауданы ұйымдастырудың үш нұсқасы болады:



Өндірушілік
көтерме
сауда



Коммерция-лық
көтерме сауда



сауда агенттері
мен брокерлер
арқылы көтерме
сауда

ҚР Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 бұйрығы.

Көтерме сауданы жүзеге асыру тәртібі

Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде сауда объектілерінің меншік иелері мынадай талаптарды қамтамасыз етеді:

- 1) тауарларды сату, сатып алу, сақтау;
- 2) көтерме сауданы жүргізуге арналған ұйымдық жағдайлар жасау, сауда мәмілелерін жасасу;
- 3) сатылатын тауарлардың сапасын бақылауды қамтамасыз ету.

- Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде:

1) сауда объектілерінде сатылатын тауарларға қойылатын бағалардың деңгейі мен шектері;

2) мәмілелер кезіндегі делдалдық үшін сауда объектісіндегі делдалдар алатын сыйақы мөлшерлері белгіленбеуі тиіс.



Өнімнің және алынған пайданың өзіндік құнын анықтау үшін шығындарды жіктеу

- Өзіндік құнды және алынған пайданы анықтау үшін шығындар былайша жіктеледі:
 - кіретін және өтіп кеткен;
 - тікелей және жанама;
 - негізгілер мен қосымшалар;
 - өнімнің өзіндік құнына кіретін және өндірістен тыс;
 - бір элементті және кешенді.

- *Кіретін шығындар* – баланста актив ретінде тіркеледі және келесі есепті кезеңнің пайда мен шығындар шотында шығыстар тобына көшеді.
- *Өтіп кеткен шығындар* – ағымдағы есепті кезеңнің пайда мен шығындар шотында шығыстар ретінде тіркеледі.
- Өнімнің нақты түрін өндірумен нақты жұмысты орындауға байланысты және тікелей олардың құнына кіре алатын шығындар *тікелей* деп аталады.
- Өнімнің бірнеше түрін өндіру үшін жалпы сипат атқаратын және жасаған кезде нақты өнімге жатқызу мүмкін болмайтын шығындар *жанамаға* жатады.

Шығындарды шешім қабылдау мен жоспарлау үшін жіктеу

- Бухгалтерлік басқару есебінің мақсаты басқару шешімдерін, яғни келешекке арналған шешімдерді қабылдауға қажетті ішкі пайдаланушылар үшін ақпаратты дайындау болып табылады. Күтілетін шығыстар мен кірістер туралы мәліметтер ұсынылуы тиіс. Бұл үшін мынадай шығындарды бөліп көрсетеді:

- — өзгермелі, тұрақты, шартты-тұрақты — өндіріс (сату) көлемінің өзгеру әсеріне байланысты;
- — бағалауда есепке қабылданатын және қабылданбайтын шығындар;
- — қайтарымсыз шығындар (өткен кезең шығындары);
- — жүктелген шығындар (немесе кәсіпорынның пайдалана алмаған пайдасы);
- — жоспарлантын және жоспарланбайтын шығындар;
- — өсетін және шекті шығындар мен кірістер.

Жауапкершілік орталықтарының өндірістік қызметін бақылау мен реттеу үшін шығындарды жіктеу

- Шығындарды бақылау мен реттеу былай жіктеледі:
 - реттелетін және реттелмейтін;
 - тиімді және тиімді емес;
 - мөлшер шегінде және мөлшерден ауытқулар;
 - бақыланатын және бақыланбайтын.

- *Реттелетіндер* – сомасы менеджер тарапынан болатын ықпалға байланысты, жауапкершілік орталықтарында тіркелген шығындар.
- *Тиімділер* – бұлар өнім өндіруге бағытталған шығындар; өткізу нәтижесінде табыс алынады.
- *Тиімсіздер* — өнім өндірілмейтін болғандықтан, нәтижесінде табыс алынбайтын шығындар. Бұлар негізінде ақаудан, материалдарды бүлдіруден болған шығындар.